



25-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭСТЕТИКА

Көркем сын





## Көркем сын

1. Өнер-сын-қоғам
2. Сын қозғалмалы риторика және эстетика ретінде
3. Сын талдаудағы объективті және субъективті
4. Көркем шығарманы талдау әдістемесі
5. Көркем үдерісті талдау әдістемесі

Ғалым, жазушы, Эстетиктердің халықаралық ассоциациясының мүшесі Юрий Боровтың «Эстетика» оқулығы аясында жасалған дәрістер циклын аяқтаймыз. Бүгінгі соңғы дәрісіміз зерттеушінің осы ғылым саласы мен оның қарастыру пәні болып табылатын өнер үшін өте маңызды болып саналатын – көркем сын мәселесіне арналады. Автордың пайымдауынша: көркем-шығармашылық үдеріс бірнеше буыннан тұрады: шындық – суретші – шығарма – реципиент, яғни оқырман, көрермен немесе тыңдаушы – шынайылық. Көркем сын осы үдерісті ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді және оның барлық буындарына және олардың арасындағы өзара іс-қимыл сипатына әсер етеді. Көркем сынның өнерде қолданылуын сипаттап өтейік:

1) Сын суретшінің әлемді қабылдауына, оны өмірдің қандай да бір жақтарын ұғынуға, қандай да бір тақырып пен мәселеге басым назар аударуға бағдарлануына әсер етеді. Бұл қызметті жүзеге асыра отырып, сын өткір әлеуметтік-саяси және философиялық мәселелерді қоюға ұмтылады.

2) Сын суретшінің шығармашылық тұлғасына әсер етеді, оның өзін-өзі бақылауын қалыптастырып, көркем қызметтің әлеуметтік және эстетикалық түзетуін жүзеге асырады. Сын кейде авторлық өзіндік асыра бағалауға ұшырайды және онсыз суретшінің шығармашылық өсуі жоқ. Ол өзін-өзі бақылауды қажет етеді, ол сөзсіз сынға сүйенеді.

3) сын суретшінің шығармашылық үдерісіне әсер етеді, сондықтан шығармашылық психологиясы мен көркемдік шеберліктің кейбір мәселелерін қамтиды. Басқа авторлардың шығармашылығын және осы автордың алдыңғы шығармашылығын талдау жаңа туындыны жасау кезінде қажет, мұндай талдау шығармашылық үдеріске маңызды импульстер мен бағдарлар береді.

4) сын көркем шығарманың айналасында қоғамдық пікір өрісін қалыптастырады, бұл оның әлеуметтік жұмыс істеуіне, шығарманың болмысын заттық-физикалық, нақты және қоғамдық-рухани, идеалды құбылыс ретінде жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сын автор мен реципиенттің өмірлік тәжірибесінің өзара байланысын күшейтеді, шығармада жасалған көркем тұжырымдаманы көпшілік алдында тиімді меңгеруге көмектеседі.

5) сын реципиенттің шығарманы қабылдау үдерісін қалыптастырады. Бұл режиссердің міндетіне жақын: көркем мәтіндегі ойды ашу, оны түсіндіру. Егер сын аудиторияны өнердегі жаңа сөзді қабылдауға және түсінуге дайындамаса, суретшінің шығармашылығы қазіргі заман талабына сай келмеуі мүмкін.

6) сын реципиентке және бүкіл өнер аудиториясына оның көркемдік талғамы мен әлеуметтік бағдарын қалыптастыра отырып әсер етеді. Көркем құбылыстарды құндылық жағынан қарау – көркем сынның маңызды сәттерінің бірі. Сынның халыққа әсерін тану нақты әлеуметтік зерттеулердің көмегімен жүзеге асады.

7) сын оқырманның (көрерменнің, тыңдаушының) тізбеден кейінгі белсенділігін және оның көркемдік әсерінің шындыққа әсер ету сипатын қалыптастырады. Сын тұлға өнерін қабылдайтын өмірге белсенді басып кіруді ынталандырады және бағыттайды. Сын реципиенттің сана-сезімі мен әлеуметтік белсенділігіне әсер етуге қабілетті. Сондықтан сын үшін публицистикалық және азаматтық бастаулар маңызды.

8) сын оның жанама туындысымен және тікелей талдау мен бағалауды бере отырып, шындыққа әсер етеді. Сын шығарманы және шындықты тікелей салыстыруды жасайды, шығарманың көркемдік шынайылығын талдайды. Тек өнер ғана емес, өмірді зерттеу кәсіби сын дайындау шеңберіне кіреді. Көркем сын – қоғамның әлеуметтік талдауының бір тәсілі.

Сын көркем дәстүрден келе жатқан және көркем-шығармашылық үдерістің барлық элементтеріне әсер ететін күштік желілердің сипаты мен бағытын білдіреді. Сын суретшіге де, өзінің оқырманына қазіргі заманғы өнерде, көркем сәнде, классикалық мұрада және оның дәстүрлерінде, жалпы бүкіл көркем мәдениетте бағдарлануға көмектеседі.

Қорытындылай келе, сынды – көркем әдебиеттің, жалпы өнердің, ондағы әр түрлі үдерістердің жол басшысы деп айтуға болады. Ол өнердің қай түрі болмасын, баршасының мүмкіндіктерін, бар-жоғын саралап, ары қарай жылжуына жол ашады. Сынның басты мақсаты – көркем шығарманы талдау, бағалау.



Сын дегеніміз – белгілі бір өнер туындысының жетістіктері мен кемшіліктері туралы пікірлер. Сонымен қатар, сынның атқаратын қызметі бар, ол – үгіт-насихат жүргізуді жүзеге асырады.

Осы мәселеге қатысты, Боров сын қозғалмалы риторика және эстетика ретінде, сыни талдаудағы объективтілік пен субъективтілік, сөркем шығарманы талдау әдістемесі, сөркем үдерісті талдау әдістемесі тақырыптарын қарастырады.

**Сын қозғалмалы риторика және эстетика ретінде тақырыбы туралы айтып өтейік.** Өнер тәжірибесін жинақтайтын алғашқы теориялық-эстетикалық ережелер философияда пайда болды. Басқаша айтқанда, сын ғылым мен өнердің, философия мен әдебиеттің қарсы қозғалысының арқасында туындады.

Сынның шығу тарихы оның эстетикамен (теория сферасымен), риторикамен (бұл үдерісте методологияны бейнелейтін) және өз поэзиясымен (көркем өлшемдерді қажет ететін, сондықтан өзін-өзі бағалау принциптері мен рәсімдерін жасай отырып рефлектациялайтын) ішкі байланыстарын анықтайды.

Адамзаттың көркемдік тәжірибесін жинақтаған Эстетика тарих барысында дамып, өзгертін бірқатар теориялық постулаттарды, заңдар мен категорияларды әзірлейді. Эстетиканың пайымдауы көркем мәтінді сыни талдаудың теориялық негізі болып табылады.

Сыни позиция әдетте танымдық, эстетикалық немесе басқа позициядан тұрады. Өзінің бағалау қызметтерінде сын құндылықтар теориясының аксиологияның эстетикалық аспектілеріне негізделеді. Бұл түсіндіру әрекеттері туралы болғандықтан, сынның басқа аспектісі герменевтикамен байланысты.

**Сыни талдаудағы объективтілік пен субъективтілікке қысқаша шолу жасайтын болсақ,** көркем шығарманы түсінудегі объективті және субъективті өзара қарым-қатынас – сыни талдау әдістемесінің орталық мәселелерінің бірі екендігін көреміз. Көркем сындарда, оның теориясы мен әдістемесінде сияқты, екі қарама-қарсы және бірдей қате үрдістер анықталды: ол – абсолютті объективтілік және абсолютті субъективтілік.

Кез-келген ғылыми әрекет нәтижелі болу үшін нақты әдістеме қолдану қажеттігі белгілі, сондықтан да көркем шығарманы талдау әдістемесін қарастырып өтейік.

Әдебиеттану және өнертану тарихында мәтінді сыни талдаудың әдіснамалық құралдарының үш түрі қалыптасты.

1. «Дәстүрлі» көркем мәтіннің сыртқы байланыстарын талдау құралдары: әлеуметтанулық, тарихи-мәдени, салыстырмалы, өмірбаяндық және шығармашылық-генетикалық тәсілдер.

2. Көркем мәтіннің ішкі байланыстарын талдаудың «жаңа» құралдары, оларға құрылымдық, семиотикалық, стилистикалық талдаулар, микроанализ, «зейінді оқу» жатады.

3. Мәтіннің әлеуметтік қызметін талдау құралдары, олардың қатарына шығарма туралы сыни әдебиетті зерттеу, оқырман аудиториясына нақты-әлеуметтік талдауды жатқызамыз.

Сын әдісі – өнерді талдау құралы.

Тұтас зерттеудің маңызды мәселесі – құндылықтық және интерпретациялық талдаудың үйлесімі. Бұл ретте туындының әрбір құндылықты қабатының талдауы оған қатысты интерпретациялық талдау деңгейіне «қосылады». Зерттеу объектісінің мәніне сараптамалық ену үшін бес ізгілікті ойлау әрекеттері қажет және жеткілікті, оның ішінде талдаудың ғылыми әдісі қалыптасады. Көркем шығарманы сыни талдаудың бес қадамы бар. Олар:

Бірінші ой әрекеті (қадам) – талдау орнату және шығарма туралы жалпы пікір.

Екінші ой әрекеті (қадам) – шығарманың сыртқы байланыстарының (эстетикалық қарым-қатынастардың) мәні мен құндылығын анықтау.

Үшінші ой әрекеті (қадам) – көркем мәтіннің ішкі байланыстарының (құрылымының) мәні мен құндылығын анықтау, зерттелетін заттың ішіне түрлі әдістер мен операциялық техниканы пайдалана отырып ену, оның сыртқы қабығын ашу, оның құрылымдық элементтерін ажырату.

Төртінші ойлау әрекеті (қадам) – туындының әлеуметтік қызмет етуі тұрғысынан мәні мен құндылығын анықтау, объектінің қызмет ету мәні мен мәнін және осы қызмет ету механизмдерін анықтау.

Бесінші ой әрекеті (қадам) – жұмыстың мәні мен құндылығы туралы қорытынды пікір, талдаудың алдыңғы төрт кезеңінде алынған нәтижелерді жинақтау және жинақтау жолымен заттың мәнін түсіну, тұтас көзқарасқа ие болу.

**Келесі қарастырылатын мәселе көркем үдерісті талдау әдістемесі.** Әдебиеттану, өнертану, эстетика пәніне тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар көркемдік үдеріс кіреді. XX ғасырда әдебиеттануда



көркемдік үдерістің бірнеше концепциялары және осы тұжырымдамаларға сәйкес оны талдаудың әдіснамалық идеялары пайда болды.

Көркем үдерістің әдіснамалық маңызы туралы бірқатар пайымдар ұсынылады. Мәселен:

- 1) көркемдік үдерістің қоғамдағы әлеуметтік қозғалыстардың тарихымен сыртқы байланыстарын;
- 2) көркемдік үдерістің философиямен, саясатпен, моральмен, құқықтармен, ғылыммен, дінмен өзара әрекеттесуімен шартталуын;
- 3) осы өнердің дамыған үдерісінің оның басқа түрлерімен өзара әрекеттесуін;
- 4) көркемдік үдерістің эстетикалық және мәдени қызметтің басқа түрлерімен (дизайнмен, сәнмен) өзара әрекеттесуін;
- 5) әдеби үдерістің фольклормен өзара қарым-қатынасын анықтау.

Көркем сын өз уақытындағы өнер мен мәдениеттің байланыс астарларының бірі болып табылады. Оның мақсаты – өнерді өзі дамып отырған мәдениет пен оның аудиториясымен байланыстыру. Кейде көркем сын «қолданбалы» эстетика ретінде де қарастырылады. Заман талабына сай өнер қалыптасып, дамуы үшін және де белгілі бір уақытты игеріп, болашақта да өз орнын жоғалтпай, мол мәдени мұраның бөлшегіне айналуының алғы шарты, себепкері және мүмкіндігі ретінде көркем сынды қабылдаған заңдылық деп есептеймін.

Юрий Боровтың «Эстетика» оқулығы аясында дайындалған және оқылған дәрісіміздің соңында автордың қорытындысына да назар аударайық. Автор алдымен эстетикалық категориялардың типологиясына тоқталады. Оның тұжырымы бойынша, эстетикалық категориялар – бұл өмірлік құбылыстар мен олардың эстетикалық қасиеттерінің кең ауқымын қамтитын жалпылама ұғымдар ғана емес, сонымен қатар эстетикалық қарама-қайшылықтардың айналмалы нысаны, жалпыадамзаттық маңызы бар қарама-қайшылықтардың үйлеспейтін жақтары арасындағы құралдар, эстетикалық құбылыстың мәні мен қызметі арасындағы байланысқан осы қайшылықтарды шешудің ұтымды нысаны. Эстетикалық категориялардың әрбір түрі эстетикалық құбылысты, көркем туындыны немесе көркем үрдісті талдаудың ортақ аппараты болып табылады.

Эстетикалық категориялардың заманауи жүйесінің ауқымы кең.

Эстетиканың категориялық аппаратының кеңеюі өнердің барлық қиындықтары мен алуан түрлілігін толық және дәлме-дәл түсінуге мүмкіндік береді, әлемді эстетикалық және көркемдік игеру заңдарын дәл әрі икемді қалыптастыруға көмектеседі.

Кез-келген ғылымның ауқымдылығы мен зерттеу қызметінің маңыздылығын көрсететін ғылыми аппаратын жан-жақты талдау, сол ғылымның мазмұны жоғары, мәні терең екендігін танытады.

Ғалымның қорытындылай келе тоқталатын тағы да бір мәселесі, гуманизмді – эстетика мен өнердің жоғары мақсаты мен мағынасы екендігін талдауы.

Зерттеуші Жолдасбек Мәмбетов «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» еңбегінде «Эстетика әсемдік туралы ғылым. Саналы адамзат баласының сұлулыққа сұқтанбайтыны, әдемі нәрсеге қызықпайтыны болмайды. Адам қоғамдаса өмір сүре бастаған ең ежелгі дәуірлердің өзінде айналадағы өздеріне жұмбақ құбылыстардың сырын ұғуға тырысқаннан бастап-ақ әсемдіктің де сыр-сипатын тануға талпынғаны байқалады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, осы еңбекте автор біздің дәрісімізді құруға арқау болып отырған Юрий Боров зерттеулерінің қазақ тілінде танылып, таралу қажет екендігін атап өтеді. Демек, бұл біздің жұмысымыздың өзектілігінің тағы да бір айғағы.

Эстетика ғылымының маңызды сала екендігін өзге ғалымдардың көзқарастары дәлелдей түседі. Мәселен, эстетиканың негізгі зерттеу пәні болып табылатын өнерді қарастыру қажеттілігінің маңызы зор екендігін пайымдау арқылы тағы да эстетиканың өзектілігіне көз жеткіземіз. Сондықтан да, ең алдымен, өнердің нені білдіретінін ұғынып алу қажет. Профессор Бекет Нұржанов өзінің еңбегінде өнер терминінің қазіргі тілде екі мағынада – кең және тар мағыналарында қолданылатынын айтады. Өзінің кең мағынасында өнер адамының барлық шығармашылық жасампаз әрекетін білдіреді және бұл мағынада өндіріс те, тіпті дін де өнердің формалары ғана болып табылады. Әсіресе осы мағынасында ол ежелгі грек тілін де көбірек қолданылады: орыстың «искусство» деген терминімен аударылатын «poiesis» сөзі ежелгі гректерде «білім», «туынды», «сана» ұғымдарын да білдіреді. Адамның әрекетімен байланысты және осы әрекеттің өнімі болып табылатын барлық нәрселер «poiesisia» - адамзат саласына жатқызылады және ол адамзат жаратпаған табиғи салаға – «Physis'у» қарсы қойылады. Өзінің тар мағынасында өнер әртүрлі формалардағы көркем шығармашылықтың нәтижелері мен үдерістері (бейнелеу өнері, музыка, поэзия және т.б.) болып табылады. Дәл осы мағынасы қазіргі әлемде негізгі болып табылады және біз де оны осы мәнде қарастырамыз.



Ал, профессор Тұрсын Ғабитов: «Эстетикалық мәдениеттің маңызы мен әлеуметтік рөлін қарстырғанда оның жетістіктерін өнер, фольклор, сәулет өнері және т.б. шығармаларының деңгейі мен көлеміне әкеліп тіреу жеткіліксіз болар еді. Бұл жерде мәдениеттің, оның ішінде эстетикалық мәдениеттің маңызды қызметтер атқаратындығын естен шығармау керек. Бұл түсінік бізге эстетикалық мәдениетті бүтіндей қабылдаудың бағдарын береді» деген тұжырымға келеді.

Халықтар мен ұлттардың эстетикалық санасы қоғамда қалыптасқан эстетикалық көзқарастардың, арнайы дәстүрлердің негізінде құралады. Жалпы мәдениет сияқты эстетикалық мәдениет те қоғамның белгілі бір тарихи кезеңімен байланыстырылады. Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде әрбір ұлт, әлеуметтік топ өзінің эстетикалық мәдениетін, әсемдік туралы өз көзқарасы мен ұғымдарын қалыптастырады.

Адамдардың кейпінде, олардың қатынастарында, киімінде, заттарында, тілі мен өнер туындыларында эстетикалық мәдениеттің ерекшеліктері, принциптері аңғарылады және олардың экономикалық даму деңгейі мен тағы басқа алғы шарттарынан ұлттың тарихи тағдыры туындайды. Сондықтан әрбір халық өз ерекшелігі мен күш-жігеріне орай әлемдік мәдениеттің қазынасына өз үлесін қосады.

Кез келген эстетикалық бөлшек, белгі, бейне пайда болысымен үнемі жетілу үстінде болады. Эстетикалық көзқарастың түбірлері кейде ұмытылғанымен, ұзақ сұрыптау үдерісі барысында бұл көзқарас кейде ұлттық эстетикалық сананың бір элементіне айналады. Қ.Ш.Нұрланова былай деп жазады: «Қазақтарда адамның Ғаламмен өзара байланысын сезіну нәрсесте кезден беріледі, сондықтан бұл дүниетанымдық мәдениет абстракциялық маңыздылық деңгейінде қалып қоймай, әлем мен жанның бірегейлігі сезіміне ауысады және бұл рухани ішкі сезім терең қанағатшылдыққа толы болады. Әлемге деген бұл қатынастың түбірі тереңде жатқандықтан болмыстың құпиясына, өмірдің құпиясына жақындатады және сондықтан әрбір адам өмірінің мәнділігі өмірдің өзінің сыйы сияқты шексіз. Адам өмірінің өн бойын алып жатқан бұл қатынастар өмірдің барлық алуан түрлі қатынастарына қайталанбас рең бере отырып, әрбір адамның бай рухани өмірін түсінуге септігін тигізеді».

Демек, қай халықты аламасақ та эстетикалық мәдениет қалыптасып өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Эстетикалық мәдениет қалыптасу үшін белгілі бір дәрежеде ғылымның өзін игеру қажеттілігі бар. Ал, жалпыға қатысты дүние эстетикалық тәрбие болып табылады. Осы ретте мәдениеттанушы-ғалым, профессор Ақтолқын Құлсариева: «эстетика этикамен өнер мен өнегелілік қалай байланысты болса, солай тығыз байланысты, өйткені өнер сезімге әсер ете отырып, адамгершілік, ізгілікке тәрбиелейді. Көркемдікке сүйсіну, соны тамашалаған сәтте сезімге бөлену барысында жанымыз тазарады. Жан тазалығы – ар тазалығы. Олай болса, эстетикалық тәрбие – имандылық, ғибраттылық тәрбиесінің бір тарауы» деп атап өтеді.

Мұнымен келіспеу мүмкін емес, демек талғамы биік, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу әрдайым өзекті мәселе болып табылатындықтан, гуманитарлық ғылым салаларының маңызы арта береді.